

Г.Ертукешова^{1*} , А.Ж.Аплашова² , Ж.С.Сихынбаева³ , Байжуманова¹ 

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан

³Орталық Азия инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан

1 КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЖАҢА ОҚУ ОРТАСЫНА БЕЙІМДІЛІГІ МЕН ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУ МОТИВАЦИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Мақалада ЖОО оқуға түскен 1 курс студенттерінің жаңа оқу ортасына бейімделу ерекшеліктеріне қоса, олардың жетістікке жетуге деген қажеттіліктері сипатталынады. Төменгі курс студенттерінің оқу үрдісіне, әлеуметтік ортаға бейімделуінің олардың академиялық үлгеріміне әсері, оқуды меңгеру дағдыларына ықпалы, әлеуметтік табыстылығына әсеріне байланысты маңыздылығы қазақстандық шетелдік психологиялық әдебиеттер негізінде теориялық аспектіде дәйектеледі. ЖОО-ндағы алғашқы оқу жылдарында студенттердің әлеуметтік бейімделу ерекшеліктері мен жетістікке жету мотивациясы эксперименттік тұрғыдар зерттеледі. Эксперименттік зерттеулер негізінде бірінші курс студенттерінің жаңа әлеуметтік оқу ортасына бейімделуде жетістікке жету мотивациясы өте жоғары деңгейде болмаса да, басты маңыздылыққа ие болған факторлар ретінде өзіндік бейімделушілік, өзін және басқаларды қабылдау, өзіндік әрекеттерін іштей бақылауға алу ерекшеліктері айқын көрінетіндігі туралы қорытындыға келеді. Жаңа оқу ортасына бейімделуде студенттер әлі де болса, эмоциялық жайсыздықты сезінетіні анықталды және өзіндік доминанттылыққа басымдық бермейтіндігі айқындалды. Эксперименттік зерттеуге 106 зерттелінуші қатысқан, Ю.М. Орлованың жетістікке жетуге деген қажеттілік сауалнамасы және К. Роджерс пен Р. Даймондтың әлеуметтік-психологиялық бейімделуді диагностикалау әдістемесі алынған.

Түйін сөздер. әлеуметтік бейімделу, жаңа оқу ортасы, жетістікке жету мотивациясы, әлеуметтік табыстылық, өзін және өзгелерді қабылдау, ішкі бақылау.

Ертукешова Г.^{1*}, Аплашова А.Ж.², Сихынбаева Ж.С.³, Байжуманова Б.Ш.¹

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Университет Торайғырова, Павлодар, Казахстан

³Центрально-Азиатский инновационный университет, Шымкент, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ МОТИВАЦИИ К ДОСТИЖЕНИЮ УСПЕХА И АДАПТАЦИЯ СТУДЕНТОВ 1-ГО КУРСА К НОВОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ

Аннотация

В статье рассматриваются особенности адаптации студентов первого курса вуза к новым условиям обучения, а также их потребности в достижении успеха. На основе отечественной и зарубежной психологической литературы теоретически обоснована значимость адаптации учащихся младших классов к учебному процессу и социальной среде, их влияние на их успеваемость, учебные навыки и социальную успешность. Экспериментально изучаются особенности социальной адаптации и мотивации к достижению успеха у студентов на первых годах обучения в вузе. На основании экспериментальных исследований можно сделать вывод, что, хотя мотивация студентов первого курса к достижению успеха в адаптации к новой социальной среде обучения находится на не очень высоком уровне, основными факторами, имеющими первостепенное значение, являются самоадаптация, принятие себя и других и

внутренний контроль над собственными действиями. Было обнаружено, что студенты 1 курса по-прежнему испытывают эмоциональный дискомфорт при адаптации к новой учебной среде и не ставят собственное доминирование в приоритет. В экспериментальном исследовании приняли участие 106 человек, и использованы опросник потребности в достижении Ю.М. Орловой и методика диагностики социально-психологической адаптации Р. Даймонда и К. Роджерса.

Ключевые слова. Социальная адаптация, новая среда обучения, мотивация к достижению, социальная успешность, восприятие себя и других, внутренний контроль.

Yertukeshova G.^{1}, Aplashova A.Zh.², Sikhynbayeva Zh.S.³, Baizhumanova B.Sh.¹*

¹L.N. Gumilev Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Toraigyrov University, Pavlodar, Kazakhstan

³Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan

1ST YEAR STUDENTS' ADAPTATION TO A NEW LEARNING ENVIRONMENT AND MOTIVATION TO ACHIEVE ACHIEVEMENT

Annotation

The article describes the characteristics of adaptation to a new learning environment of first-year students entering higher education institutions, as well as their needs for achievement. The importance of adaptation of lower-year students to the educational process and social environment, their impact on their academic performance, learning skills, and social success, is theoretically substantiated on the basis of Kazakh and foreign psychological literature. The features of social adaptation and motivation to achieve success of students in the first years of study at a university are studied experimentally. Based on experimental studies, it is concluded that, although the motivation to achieve success of first-year students in adapting to a new social learning environment is not at a very high level, the main factors that are of primary importance are self-adaptation, perception of oneself and others, and internal control over one's own actions. It was found that students still experience emotional discomfort when adapting to a new learning environment and do not give priority to self-dominance. 106 subjects participated in the experimental study, the questionnaire of the need for achievement by Yu.M. Orlova and the methodology for diagnosing socio-psychological adaptation by K. Rogers and R. Diamond were used.

Keywords. Social adaptation, new learning environment, motivation to achieve success, social success, perception of oneself and others, internal control.

ҚІРІСПЕ. Мектеп қабырғасындағы оқу жүйесі мен жоғары оқу орнындағы оқу жүйесінің өзіне тән ерекшеліктері бар екендігі белгілі. ЖОО оқу жүйесі оқуға түскен талапкер үшін болашақ маман ретінде қалыптасу мен тұлғалық дамуындағы маңызды кезең болып табылады. Жаңа оқу жүйесіне бейімделу студенттің болашақтағы көптеген даму факторларына: оқу іс-әрекетінің сапасы мен тиімділігіне, академиялық ұтқырлығына, мамандану мотивациясына, кәсіби құзіреттілігінің нәтижелі қалыптасуына едәуір әсер етеді. Жаңа әлеуметтік орта, жаңа қоғамдық жағдай, жаңа ақпараттық-технологиялық ресурстар, жаңа оқу-әдістемелік жұмыстар, жаңа университеттік талаптар – студенттің тұлғалық жаңа мінез-құлық стратегияларын меңгеруді талап етеді. Студент басынан бірқатар психологиялық күйзелістерді өткізеді: қысымдық күй, жайсыздық, өзімен және айналасындағылармен үйлесімділіктің бұзылуы, негативті субъективті тәжірибе олардың университетке сәтті/сәтсіз бейімделуіне ықпал етеді.

В.Л. Бозаджиев (2002) бірінші курс студенттерінің ЖОО оқуға сәтті бейімделуіне ықпал ететін бірқатар педагогикалық-психологиялық жағдай құру стратегияларын ұсынады: студенттерде туындайтын қиындықтарды шешуде олардың құндылықты бағдарын негізге ала отырып, мамандығына деген құнды қатынасқа негізделген кәсіби өзіндік сананы қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді.

Бірқатар психологиялық зерттеулерде 1 курс студенттерінің жоғары оқу орнына бейімделуде басымдыққа ие болатын әлеуметтік рольдерді меңгеру (О.В. Дмитриева, 2002) факторын сипаттауға тырысады.

Біркатар зерттеулерге сүйенсек, (S.S. Gosai және басқалар, 2023) бірінші курс студенттері үшін, алғашқы оқу жылының басында оқу ортасына бейімделуде кездесетін қиыншылықтарды жеңуге, кедергілерді оңай өткеруге әлеуметтік қолдаудың, оның ішінде отбасылық қолдаудың маңызын көрсетеді. Нақтырақ айтар болсақ, зерттеуге қатысқандардың 92% студенттер отбасылық қолдауды «өте пайдалы» деп бағалай отырып, олардың оқу ортасына сәтті бейімделуіне зор әсер еткендігін көрсетеді. Зерттеуде студенттердің 84% бейімделуде қиындық көргендерімен де отбасылық қолдаудың маңызды екенін атап өткен. Оған қоса, айналасындағы құрбы-құрдастарының әсерін оқу орнына бейімделуде айтарлықтай маңызын зерттеуге қатысушылардың 73% мойындайды. Тағы бір жәйт, жаңа оқу орнына келген студенттердің 40% - ы оқу тапсырмаларын орындауда қиындықтарға тап болғандығын айтады.

Әлбетте, жоғары оқу орнына түскеннен соң, әрбір университеттің өзіне тән мәдениеті, әлеуметтік жағдайы болады. Мұндай университеттік орта мен мәдениетке бейімделгендер шамамен 73% құрады екен.

Университеттегі оқу ортасына бейімделуде қандай мәселелер туындауы мүмкін деген сұраққа байланысты мындай негізгі қиындықтар анықталған. Атап айтсақ, академиялық қолдау тұрғысынан студенттердің оқу бағдарламасына және университет ортасына бейімделуі қиын болған. Ал, әлеуметтік-мәдени факторлар тұрғысынан отбасылық табыс деңгейі, достардың әсері және жалғыздық сияқты мәселелер бейімделу үдерісіне ықпал еткен. Оған қоса, психологиялық тұрғысынан стресстік қиыншылықтар ретінде академиялық мазасыздық, қорқыныш және белгісіздік студенттердің бейімделуіне кедергі келтірген.

Аталмыш зерттеу деректері бойынша студенттердің 66.4% - ы оқытушылардың қолдауын "өте пайдалы" деп бағалаған. Академиялық қызметкерлердің (тәлімгер, эдвайзер, кафедра меңгерушісі, деканат және т.б.) көмегін 47% студент "пайдалы" деп есептеген. Оқытушы мен студент арасындағы өзара қарым-қатынас бойынша 58% студент оқытушылармен қарым-қатынас жасауды "жеңіл" немесе "өте жеңіл" деп бағалаған. Қызық жәйт, ағылшын тілін меңгеру деңгейі жоғары болған студенттердің 79%-ы бейімделуді сәтті аяқтаған.

Студенттердің сабаққа жұмсайтын уақыт ұзақтығының оқу ортасына бейімделуге әсері болатыны анық. Күніне 2 сағаттан көп уақыт оқуға арнаған студенттер бейімделуді сәтті аяқтайды, ал 2 сағаттан аз уақыт бөлген студенттердің барлығы бейімделуде қиындықтарды бастан өткереді. ЖОО бейімделудің сәтті өтуіне басты әсер ететін факторлардың бірі отбасы мен жоразолдастарының қолдауы. Студенттердің 92%-ы отбасылық қолдауды бейімделуге ықпал етуші маңызды фактор деп санаған. Құрбы-құрдастардың қолдауын сәтті бейімделген студенттердің 73%-ы "өте пайдалы" деп есептеген. Студенттердің кейбірі жалғыздық пен достардың болмауын бейімделуге кері әсер етуші фактор ретінде атап өткен.

Сонымен, жаңа оқу ортасына бейімделу қиындықтары кең таралған: Студенттердің 30%-ы университеттік ортаға бейімделуде айтарлықтай қиындықтарға тап болады. Бұл қиындықтар академиялық қолдаудың жеткіліксіздігі, әлеуметтік оқшаулану, және психологиялық қысым сияқты факторлармен байланысты.

Университеттің қолдау бағдарламаларының тиімділігі төмен болатындығы да кездеседі. Ол қолданыстағы академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтері студенттердің нақты қажеттіліктерін толық өтей алмауына байланысты түсіндіріледі.

Г.Ж. Токашова (2024) өз зерттеуінде студенттердің ЖОО бейімделу ерекшеліктерін кәсіби критерий көрсеткіштері (өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу қабілеті), психологиялық критерий көрсеткіштері (өзін-өзі бағалау, өзіне деген сенімділік, жеке мазасыздық) бойынша тұжырымдайды.

А.К. Бисенева (2019) өз зерттеуінде студенттердің университетте оқу жағдайына әсер ететін олардың психофизиологиялық ерекшеліктерін, оның ішінде ағзаның жағымды және жағымсыз реакцияларын, сондай-ақ, оқу-танымдық және когнитивті әрекеттерге деген белсенділігінің жаңа мінез-құлық стратегияларының қалыптасуына әсерін қарастырады.

Annette Lohbeck, Jens Möller (2023) 1 курс студенттерінің білім беру жүйесіне бейімделуінің маңызды шарттары ретінде олардың әлеуметтік және оқу мінез-құлық стратегияларында

көрінетін студенттердің өзін-өзі бағалауы мен оқытушылардың оқыту тәсілдерінің де маңыздылығын айқындайды. Аталмыш ғалымдар ЖОО оқу үрдісінде оқытушылардың бағалауы мен студенттердің әлеуметтік және оқу мінез-құлықтарына қатысты өзіндік ұғымдарының өзара байланысын қарастырады. Жалпыланған ішкі/сыртқы тірек моделін ұсына отырып, студенттердің өзін-өзі бағалау процестеріндегі ішкі және сыртқы салыстыруларды сипаттайды. Студенттердің әлеуметтік мінез-құлқына өзін-өзі тану, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бекіту шкалаларын жатқызатын болса, оқу мінез-құлықтарына табандылық, зейін қою, өздігінен оқу шкалаларын жатқызады. Зерттеу нәтижесі бойынша кіші және жоғары курс студенттеріне оқытушылардың бағалауы мен кері байланысы әртүрлі әсер етеді. Атап айтқанда, төменгі курс студенттері оқытушылардың бағалауына көбірек тәуелді. Жоғары курс студенттері өздерінің оқу және әлеуметтік қабілеттерін салыстыру арқылы дербес бағалайды. Осылайша жоғары оқу орнындағы 1 курс студенттерінің жаңа университеттік ортаға бейімделуіне оқытушылардың бағалауларының маңызы зор. Сондықтан студенттердің әлеуметтік және оқу мінез-құлықтарын жетілдіру үшін студенттердің жеке ерекшеліктері мен білім беру деңгейіне назар аудару қажет, оқытушылардың оларды бағалауда әділетті және объективті бағалауға назар аудару керек.

Осы зерттеуге ұқсас Peter M. McEvoy және басқалар (2023) өз зерттеулерінде әлеуметтік мазасыздықтың (SAD) екі негізгі компоненті – позитивті (FPE) және негативті (FNE) бағалаудан қорқу – күйзеліс пен қайталамалы теріс ойлауға әсерін бағалайды. 152 (69%-ы әйелдер, орташа жас – 22,13) зерттелінуші қатысқан зерттеуде әлеуметтік мазасыздық деңгейі жоғары (HSA) және төмен (LSA) топтар бөліп ала отырып, әр қатысушыға сөйлеу тапсырмасы беріледі және оған жалған кері байланыс (позитивті, негативті немесе бейтарап) ұсынылады. Зерттеуден алынған нәтиже бойынша мұндай бағалаулар студенттердің күйзеліс деңгейлеріне, қайталамалы теріс ойлауларына әсер етеді. Негативті бағалар жоғары мазасыздықты, жоғары күйзеліс пен қайталамалы теріс ойлауды көрсеткен. Позитивті кері байланыс HSA (әлеуметтік мазасыздық деңгейі жоғары) қатысушыларына күтілгендей мазасыздық туғызбады. Бейтарап кері байланыс жағдайлары әлеуметтік мазасыздықтың (SAD) бейтарап немесе белгісіз кері байланыстар әсерлерін жан-жақты түсінуге мүмкіндік берген.

Осылайша, студенттердің оқу ортасына бейімделуіне ықпал ететін әлеуметтік мазасыздықтың когнитивті модельдерін нақтылау арқылы, студенттерді сәтті бейімдеу стратегияларын жетілдіруге болатындығын байқауға болады.

Sarah Fishstrom және басқалар (2022) оқу үрдісіндегі академиялық жетістік пен эмоциялық жағдай арасындағы байланысты тұжырымдайды. Яғни оқу жетістігі мен академиялық мазасыздыққа интервенциялардың ықпалын зерттейді. Мұнда, академиялық мазасыздықтың оқушылар өміріне әсері, академиялық интервенциялардың тиімділігін зерттеу қажеттілігі айқындалады. Зерттеудің жаңашылдығы трайт және стейт сияқты мазасыздықтың түрлерін ажыратады. Академиялық интервенциялар оқушылардың оқу жетістігін едәуір жақсартатындығын, дегенмен, академиялық мазасыздыққа әсері мардымсыз екендігін тұжырымдайды. Білім алушылардың мазасыздығын төмендету үшін, академиялық жетістікті арттыру үшін интервенциялары, эмоциялық қолдаудың оң нәтижелері пайымдалады. Бұл құбылыс оқушылардың оқу жетістіктеріне ғана емес, олардың жалпы психологиялық денсаулығына да әсер етеді.

Академиялық мазасыздық – бұл білім беру жағдайларында пайда болатын эмоционалдық және когнитивтік реакциялар жиынтығы. Оның негізгі түрлері:

- Трайт мазасыздық – тұрақты, ұзақ мерзімді сипаттағы жағдай.

- Стейт мазасыздық – белгілі бір оқу жағдайларына байланысты пайда болатын уақытша мазасыздық.

Мазасыздықтың қай түрі болмасын, білім алушылардың оқуға назар аудару қабілетіне, зейініне, және когнитивтік ресурстарына әсер етіп, олардың оқу нәтижелерін төмендетуі мүмкін.

Аталмыш ғалымдардың зерттеу нәтижелері бойынша академиялық интервенциялар оқу жетістігін едәуір жақсартады, бірақ мазасыздықты төмендету тиімділігі байқалмайды. Мазасыздыққа әсер ету үшін эмоционалдық қолдау бағдарламаларын қажет деп санайды.

Ториялық деректерді жалпылай келе, жоғары оқу орнына түскен жас талапкер, ендігі кезекте студенттік кезеңді бастан кешірудің алғашқы жылдарында оқу үрдісіне, оқып-білім алу жағдайына бейімделуде бірқатар қыншылықтарды басынан өткізеді. Мұндай қыншылықтарға академиялық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық кедергілер жатады.

Оқу жылының алғашқы кезеңінде кедесетін қыншылықтарды еңсеруде, әлбетте, отбасы қолдауы мен айналасындағы құрбы-құрдастарының сүйемелдеуінің мәні зор.

Бізде өз зерттеуімізде 1 курс студенттерінің оқу орнына бейімделуіне әсер ететін тұлғалық қасиеттер құрылымындағы жетістікке жету мотивациясының мән-жайын ашуға тырысамыз.

Студенттердің жетістікке жету мотивациясы көбінесе олардың тұлғалық белсенділігі ретінде айқындалады десек, онда бұл белсенділіктің оқу жағдайында көріну ерекшеліктерімен сипатталады.

Білім беру жағдайларының әсерін өлшеуді ескере отырып, әртүрлі зерттеу жобаларында осы параметрлердің сипаттамаларын ескеру қажет. Бұған білім беру ортасының саласын (мысалы, мектеп пәні) және контекстті (мысалы, сынып пен үй тапсырмасы) қарастыру кіреді. Бұл арнайы шығарылымда студенттердің мотивациялық және аффективті тұлғалық процестерін, сондай-ақ алдыңғы факторларды (мысалы, оқыту сапасы, қыншылықтардың болмауы, тапсырманы қабылдау) зерттейтін зерттеулер ұсынылған және тәжірибені қолдану арқылы өзара байланысты (мысалы, сәттілік пен сәтсіздік тәжірибесі, мансаптық ұмтылыстар) оқушылардың тәжірибесін орнында бағалауға мүмкіндік беретін іріктеу әдісі. Тәжірибе бойынша іріктеу зерттеулері индивидуалдық және индивидуалдық қарым-қатынастарды бір уақытта талдап, сол арқылы ситуациялық, сондай-ақ адамға тән әсерді және нәтижесінде туындайтын индивидуалды динамиканы қарастыру арқылы дәстүрлі көлденең зерттеулерден асып түседі (Bolger & Laurenceau, 2013).

Әдетте, 1 курс студенттерінің ЖОО-дағы оқуға бейімделу процесінің табысты болуы көптеген объективті және субъективті факторларға байланыстылығын жоғарыда айтып кеттік. Егер объективті факторларға оқу жағдайлары жататын болса, субъективті факторларға студенттің өзіндік мінез-құлық ерекшеліктері, темперамент типтері, студенттің бұрынғы өткен тәжірибесі, әлеуметтік және адамгершіліктік даму деңгейі, қарым-қатынас ерекшеліктері жатады. Ең бастысы деп студенттің жетістікке жету мотивациясын көрсетуге болады. Яғни студенттің неғұрлым жетістікке жету мотивациясы жоғары болған сайын, оқуға бейімділігі де соғұрлым нәтижелі жүзеге асады. ЖОО студент жаңа қыншылықтарға, жаңа талаптарға, жаңа жауапкершілікке тап болады. Университет жағдайында студент тек қоғам мен оқу іс-әрекетіне ғана емес, сонымен қатар, мінез-құлық нормалары мен қарым-қатынас мәдениетіне жоғары, кәсіби деңгейде бейімділігі оның мотивация деңгейіне байланысты болады.

Оқу мотивациясының тұрақтылығы интеллектуалды даму деңгейімен, ішкі мотивациясымен, өз қызметінің нәтижелерін жақсартуға деген мотивациясымен байланысты (Поваренков Ю.П., 1991). Студенттің жетістікке жетуге деген қажеттілігінің жоғарылығы оқу-танымдық қызығушылыққа, мамандықты қабылдауға және кәсібилікті меңгеруге, адамдар арасындағы қарым-қатынастың барлық аспектілерінде өте маңызды болып табылады (Ильин Е.П., 2001).

Студенттің оқу орнына түсуі – студенттің үлкен дербестігін білдіреді, ересектер тарапынан бақылау азаяды, оқу бағытын өзі таңдағандықтан, өзіндік мотивация жоғарылайды, дербестік дәрежесі мен жауапкершілігі артады.

Студенттердің жетістікке жету мотивациясы өздерінің мінез-құлыққа қоятын талаптар мен міндеттерді өзі басшылыққа алуынан, алдына қойған мақсаттарына белсенді түрде жетуге деген ынтасынан көрінеді. Оған қоса, өзін-өзі тануға, өмірдің мәнін білуге, өзін-өзі жүзеге асыруға деген қажеттілігін қамтамасыз етуде көрінеді. Студенттердің жетістікке жетуге деген мотивациясы ЖОО оқу тек диплом алу үшін ғана емес, өзі таңдаған мамандық бойынша кәсіби білім алуға деген мотивациясын білдіреді.

Біз мақалада Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің бірінші курс студенттерінің оқу орнындағы бейімделу мәселелерін қарастыратын боламыз. Студенттердің академия-

лық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық қиындықтары және оларды жеңілдетуге негіз болатын өздерінің жетістікке жетуге деген мотивацияларының әсері айқындалады.

ЗЕРТТЕУ БАРЫСЫ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ.

Астана, Павлодар және Шымкент қалалары бойынша ЖОО оқу іс-әрекетіндегі 1 курс студенттерінің әлеуметтік бейімделуін анықтау мақсатында Ю.М. Орлованың жетістікке жетуге деген қажеттілік сауалнамасы жүргізілді. Сауалнама 22 тұжырымнан тұрады және оған «ия» немесе «жоқ» деп жауап беріледі. Тесттің жауап кілті бойынша ұпайлар жинау негізінде студенттердің жетістікке жетуге деген қажеттілік деңгейлері айқындалады.

Зерттеуге қатысушылар туралы жалпы мәлімет төмендегі кестеде берілген.

1-кесте. Студенттердің жынысына байланысты жалпы мәлімет

Респондент	Саны	Пайыздық көрсеткіші
Еркек	19	18%
Әйел	87	82%
Барлығы	106	100%

2-кесте. Зерттеуге қатысушылардың курсына байланысты жалпы мәлімет

Курс	Саны	Пайыздық көрсеткіші
1 курс	96	91%
2 курс	10	9%
Барлығы	106	100%

3-кесте. Студенттердің жетістікке жету мотивациясы бойынша статистикалық көрсеткіштері

		Frequency	Percent	Valid Percent	Cumulative Percent
Valid	2	6	5.7	5.7	5.7
	3	98	92.5	92.5	98.1
	4	2	1.9	1.9	100.0
	Total	106	100.0	100.0	

Зерттеуге қатысушылар саны 106 студент. Оның 18 % - ер студенттер болса, 82 % - қыздар.

Ю.М. Орлованың жетістікке жетуге деген қажеттілік сауалнамасы бойынша алынған деректерге сүйенсек (3-кесте), студенттердің 6 пайызы 7-9 балл арасында жинаған. Бұл олардың жетістікке жетуге деген қажеттіліктерінің төмен екендігін білдіреді. Яғни студенттер көбінесе мақсатқа бағыттылығы, өз мақсатына жетуге деген табандылығы, тұлғалық өсуге деген қызығушылығы біршама төмен болып келеді.

Зерттелінушілердің көп бөлігі, студенттердің 92.5 пайызы жетістікке жетуге деген қажеттілік деңгейлерінің орташа екендігі анықталды. Мұндай студенттер өздерінің мақсаттарына жетуге табандылықтарының едәуір бар екендігін сипаттайды, өзіне аса қатты қысым жасамастан жақсы нәтиже алуға тырысатындығын көрсетеді.

Зерттелінушілердің қалған бөлігі, бұ әрине, өте аз бөлікті құрайды, студенттердің тек 2 пайызы, яғни бар-жоғы 2 студентте ғана жетістікке жетуге деген қажеттілік деңгейінің жоғары екендігі анықталды. Бұл студенттер жетістікке жетуге деген мотивациясының жоғары болуымен, өзінің нәтижелерін әрқашан жақсартуға тырысатын, табанды және елден ерекше болуға ықыласы болатындығымен сипатталады.

Алынған деректерге байланысты студенттердің басым көпшілігіне мотивацияның үйлесімділік деңгейі тән екендігін байқалады.

4-кесте. Т test нәтижесі бойынша ерлер және әйелдердің жетістікке жету қажеттілік деңгейі арасындағы айырмашылығының статистикалық мәні

Group Statistics					
	Жынысы	N	Mean	Std. Deviation	Std. Error Mean
Жетістікке жету мотивациясы	ер	19	2.95	.229	.053
	әйел	87	2.97	.283	.030

Кестеден көріп отырғанымыздай, ерлер мен әйелдердің арасында жетістікке жету қажеттілігі деңгейінде статистикалық тұғыда аса маңызды айырмашылық жоқ. Оны төмендегі кестеде нақтырақ сипаттауға тырысамыз.

5-кесте. Левеннің дисперсиялар теңдігі тесті нәтижелері

Independent Samples Test										
		Левеннің дисперсиялар теңдігі тесті		t-test for Equality of Means						
		F	Sig.	T	df	Sig. (2-tailed)	Mean Difference	Std. Error Difference	Айырмашылықтың 95% сенімділік аралығы	
									Төменгі	Жоғарғы
Жетістікке жету мотивациясы	Тең дисперсияның қабылдануы	.031	.860	-.261	104	.795	-.018	.070	-.156	.120
	Тең дисперсияның қабылданбауы			-.299	31.248	.767	-.018	.061	-.142	.106

Левеннің дисперсиялар теңдігі тесті ерлер мен әйелдер топтарында дисперсия теңдігін анықтайды. Левеннің тест нәтижелері бойынша $F = 0.031$, $\text{Sig.} = 0.860$ құрайды. p -мәні 0.860 тең болғандықтан, $0,05$ тен жоғары бола тұра, дисперсиялар тең екендігі туралы болжамды айтуға болады. t -тест нәтижелерін дисперсиялар теңдігінде қолдану мүмкіндігін білдіреді.

t -тест орташа мәнділіктегі теңдік бойынша төмендегідей көрсеткіш анықталды:

- $t = -0.261$
- df (еркіндік дәрежесі) = 104
- $\text{Sig. (2-tailed)} = 0.795$
- Mean Difference (Орташа мәннің айырмашылығы) = -0.018
- Std. Error Difference (Айырмашылықтың стандартты болжамы) = 0.070
- Confidence Interval (Сенім интервалы):
 - Төменгі = -0.156
 - Жоғарғы = 0.120

Алынған деректер бойынша t -тест мәні: -0.261 – көрсеткіші – таңдау топтары арасында айтарлықтай айырмашылықтың жоқ екендігін білдіреді. Ал p -мәні (Sig.): 0.795 - ке тең. Бұл дегеніміз $p > 0.05$ болғандықтан, таңдау топтары арасындағы статистикалық айырмашылықтың мәнсіз екендігін көрсетеді. Орташа мәндік өзгешеліктер бойынша (Mean Difference): -0.018 көрсеткіші – ерлер мен әйелдер арасындағы айырмашылықтың мәні өте төмен екендігін білдіреді. Сенім интервалдары бойынша -0.156 -ден 0.120 -ге дейінгі көрсеткіш нөлдік мәнге ие. Сондықтан таңдау топтары арасындағы айырмашылық 0 -ге тең екендігін білдіреді.

Ендігі кезекте К. Роджерс пен Р. Даймондтың әлеуметтік-психологиялық бейімделуді диагностикалау әдістемесі бойынша алынған зерттеу нәтижелеріне талдау жасаймыз. Бұл әдістеме тұлғаның мінез-құлық ерекшелігімен байланысты әлеуметтік-психологиялық бейімделуін диагностикалауға бағытталған. Әдістеме 101 тұжырымдамадан тұрады және 7-балдық жауап шкаласы негізінде дифференциалды зерттеуге негізделген. Әдістеме авторлары К.Роджерс пен Р.Даймонд төмендегідей 6 интегралды көрсеткіштерді жіктеп көрсетеді:

1. «Адаптация»;
2. «Басқаларды қабылдау»;
3. «Интерналды»;
4. «Өзін-өзі қабылдау»;
5. «Эмоциялық жайлылық»;
6. «Доминанттылыққа тырысу»

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ТАЛҚЫЛАУЛАР.

К. Роджерс пен Р. Даймондтың әлеуметтік-психологиялық бейімделуді диагностикалау әдістемесі бойынша алынған зерттеу нәтижелері әр шкала индивидуалды формулада есептелінеді. Эмпирикалық жолмен зерттеуден алынған нәтижелер зерттелінушілердің жас ерекшеліктеріне (жеткіншестер үшін, ересектер үшін) орай құрылған нормативтерге сәйкес қорытындыланады.

6-кесте. Студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімділігі көрсеткіштері:
Адаптация шкаласы бойынша

	Адаптация				Дезадаптация			
	Жиі- лігі	пайызы	Шкала пайызы	Кумулятив- тік пайыз	Жиілігі	пайызы	Шкала пайызы	Кумулятив- тік пайыз
Нормадан төмен	3	2.8	2.8	2.8	37	34.9	34.9	34.9
Норма	36	34.0	34.0	36.8	62	58.5	58.5	93.4
Нормадан жоғары	67	63.2	63.2	100.0	7	6.6	6.6	100.0
Барлығы	106	100.0	100.0		106	100.0	100.0	

Кестеден көріп отырғанымыздай зерттелінушілердің көпшілігі 63,2 пайызы бейімділік көрсеткіші бойынша нормадан жоғары, ал дезадаптация бойынша зерттеуге қатысушылардың тек 6,6 пайызы ғана нормадан жоғары. Бұл 1-ші курс студенттерінің әлеуметтік психологиялық бейімділік көрсеткішінің адаптация шкаласы бойынша көпшілігі жақсы бейімделгендігін білдіреді.

7-кесте. Студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімділігі көрсеткіштері:
«Өзін-өзі қабылдау» шкаласы бойынша

	Өзін қабылдау				Өзін қабылдамау			
	Жиі- лігі	пайызы	Шкала пайызы	Кумулятив- тік пайыз	Жиілігі	пайызы	Шкала пайызы	Кумулятив- тік пайыз
Нормадан төмен	6	5.7	5.7	5.7	54	50.9	50.9	50.9
Норма	28	26.4	26.4	32.1	46	43.4	43.4	94.3
Нормадан жоғары	72	67.9	67.9	100.0	6	5.7	5.7	100.0
Барлығы	106	100.0	100.0		106	100.0	100.0	

Кестеден көріп отырғанымыздай, зерттелінушілердің көпшілігі өзін-өзі қабылдауы жоғары – 67,9 пайызды құраса, ал өзін қабылдамау зерттелінушілердің тек 5,7 пайызына ғана тән.

8-кесте. Студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімділігі көрсеткіштері:
«Басқаларды қабылдау» шкаласы бойынша

	Өзгелерді қабылдау				Өзгелерді қабылдамау			
	Жиі- лігі	пайызы	Шкала пайызы	Кумулятив- тік пайыз	Жиілігі	пайызы	Шкала пайызы	Кумулятив- тік пайыз
Нормадан төмен	4	3.8	3.8	3.8	21	19.8	19.8	19.8
Норма	44	41.5	41.5	45.3	72	67.9	67.9	87.7
Нормадан жоғары	58	54.7	54.7	100.0	13	12.3	12.3	100.0
Барлығы	106	100.0	100.0		106	100.0	100.0	

Өзгелерді қабылдау немесе қабылдамау шкаласы бойынша кестеден көріп отырғанымыздай, көпшілігі нормада (41,5 %) және нормадан жоғары (54,7 %). Соған сәйкес өзгелерді қабылдамау шкаласы бойынша зерттеуге қатысушылардың 13 % нормадан жоғары, 67,9 % нормада екендігін көрсетеді.

9-кесте. Студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімділігі көрсеткіштері:
«Эмоциялық жайлылық» шкаласы бойынша

	Эмоциялық жайлылық				Эмоциялық жайсыздық			
	Жиі- лігі	пайызы	Шкала пайызы	Кумулятив- тік пайыз	Жиілігі	пайызы	Шкала пайызы	Кумулятив- тік пайыз
Нормадан төмен	2	1.9	1.9	1.9	38	35.8	35.8	35.8
Норма	74	69.8	69.8	71.7	55	51.9	51.9	87.7
Нормадан жоғары	30	28.3	28.3	100.0	13	12.3	12.3	100.0
Барлығы	106	100.0	100.0		106	100.0	100.0	

Кестеден көріп отырғанымыздай, «Эмоциялық жайлылық» шкаласы бойынша (69.8 %) да, «Эмоциялық жайсыздық» шкаласы бойынша (51,9 %) да зерттелінушілердің көпшілігі нормада екендігі анықталды.

10-кесте. Студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімділігі көрсеткіштері:
«Интерналдық» шкаласы бойынша

	Ішкі бақылау				Сыртқы бақылау			
	Жиі- лігі	пайызы	Шкала пайызы	Кумулятив- тік пайыз	Жиілігі	пайызы	Шкала пайызы	Кумулятив- тік пайыз
Нормадан төмен	2	1.9	1.9	1.9	34	32.1	32.1	32.1
Норма	35	33.0	33.0	34.9	63	59.4	59.4	91.5
Нормадан жоғары	69	65.1	65.1	100.0	9	8.5	8.5	100.0
Барлығы	106	100.0	100.0		106	100.0	100.0	

Кестеден көріп тұрғанымыздай, интерналды шкала бойынша зерттелінушілердің «ішкі бақылау» көрсеткіші бойынша көпшілігі нормадан жоғарыны көрсетсе, «сыртқы бақылау» көрсеткіші бойынша студенттердің көпшілігі нормативті болып тұр.

11-кесте. Студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімділігі көрсеткіштері:
«Доминанттылыққа тырысу» шкаласы бойынша

	Доминанттылық				Ақпараттану			
	Жиілігі	пайызы	Шкала пайызы	Кумулятивтік пайыз	Жиілігі	пайызы	Шкала пайызы	Кумулятивтік пайыз
Нормадан төмен	26	24.5	24.5	24.5	16	15.1	15.1	15.1
Норма	62	58.5	58.5	83.0	71	67.0	67.0	82.1
Нормадан жоғары	18	17.0	17.0	100.0	19	17.9	17.9	100.0
Барлығы	106	100.0	100.0		106	100.0	100.0	

«Доминанттылыққа тырысу» интегралды көрсеткіш бойынша «доминанта» шкаласы бойынша да, «ақпараттану» шкаласы бойынша да нормативті көрсеткішке ие.

ҚОРЫТЫНДЫ. Эмпирикалық деректерге сүйене отырып, 1 курс студенттерінің жетістікке жетуге деген мотивациясының орташа деңгейде бола тұра, ЖОО оқу жүйесіне әлеуметтік бейімделуі көрсеткіштері бойынша, қалыптан жоғары деңгейде бейімделгендігін, жаңа әлеуметтік ортада өзін және басқаларды қабылдау деңгейі, ішкі бақылау көрсеткіші жоғары екендігін, тек, жаңа әлеуметтік-оқу ортасында эмоциялық жайлылық және доминанттылыққа тырысу қалыпты деңгейде екендігі анықталды.

Қорыта келе айтқанда, жоғары оқу орнына түскен төменгі курс студенттерінің көпшілігі максатқа жетуге деген қажеттілігін бірінші орынға қоймайды. Бірінші кезекке әлеуметтік жаңа ортаға бейімделуге деген оң қатынасты құрады. Олай дейтін себебіміз, бейтаныс ортаға бейімделуді маңызды деп санайды, әлеуметтік ортада өзін және жаңадан танысып жатқан курстары адекватты қабылдауға бағыттылығы байқалады, жаңа оқу ордасында өзінің ішкі бақылауын басты назарда ұстауға тырысатындығы көрінеді. Алайда, жаңа әлеуметтік ортада эмоциялық бірқатар жайсыздықты сезінеді, оған қоса, өзін елден ерекше ұстауға, доминанттылықты аса маңызды деп санамайды.

Сонымен, жоғары оқу орнына келген бірінші курс студенттерінің табысты, тиімді, сәтті бейімделу – бұл студенттің психологиялық жайлылығының, метаресурстарының даму мүмкіндігінің, озат оқу үлгерімінің, қоғамдық белсенділігінің кепілі. Оған қоса, оның жоғары курстарда кәсібилігінің жоғары деңгейде дамуының, кәсіби құзіреттілігінің жетілуінің негізі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бозаджиев В.Л. Аксиологический подход как фактор адаптации студентов к обучению в вузе. – Челябинск: Из-во «Дизайн-Бюро», 2002. – 134 с.
2. Bisseneva A.K. Adaptation of first-year students to study at the university and its connection with their psychophysiological features. *Vestnik of M. Kozybayev North Kazakhstan University*. 2019;(1(42)):137-141.
3. Bolger, N., & Laurenceau, J.-P. (2013). *Intensive longitudinal methods: An introduction to diary and experience sampling research*. New York: Guilford Press.
4. Gosai S.S., Tuibeqa A.T., Prasad A, *Exploring the transition challenges of first-year College of Business students in Fiji, International Journal of Educational Research, Volume 117, 2023, 102131, ISSN 0883-0355, <https://doi.org/10.1016/j.ijer.2022.102131>*
5. Дмитриева О.В. Образовательное пространство и социализация личности: Монография. – Оренбург: РИК ГОУ ОГУ, 2003. – 139 с.
6. Ильин Е.П. Мотивация и мотивы. – СПб.: Изд-во «Питер»; Изд-во СПбГУ, 2004. – 658 с.
7. Lohbeck A., Möller J. Students' social and learning behavior at school: Applying the generalized internal/external frame of reference model. *Learning and Individual Differences*, July 2023, Page 102301

8. McEvoy P.M, Black A, Piesse E, Strachan L, Clarke PJF. *The effect of positive and negative evaluation on state anxiety and repetitive negative thinking in social evaluative situations: An experimental study.* *J Anxiety Disord.* 2023

9. Поваренков Ю.П. *Психология профессионального становления личности.* – Курск, 1991. – 212 с.

10. Токашова Г.Ж. *Студенттердің психологиялық бейімделу ерекшеліктері.* Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Психология» сериясы No1(78), 2024 ж. 249-257 б.

11. Fishstrom S, Wang HH, Bhat BH, Daniel J, Dille J, Capin P, Vaughn S. *A meta-analysis of the effects of academic interventions on academic achievement and academic anxiety outcomes in elementary school children.* *J Sch Psychol.* 2022 Jun;92:265-284. doi: 10.1016/j.jsp.2022.03.011. Epub 2022 Apr 29. PMID: 35618374; PMCID: PMC9136152.

References:

1. Bozadzhiev V. L. *Axiological approach as a factor in students' adaptation to studying at a university.* – Chelyabinsk: Publishing house "Design Bureau", 2002. – 134 p.

2. Bisseneva A.K. *Adaptation of first-year students to study at the university and its connection with their psychophysiological features.* *Vestnik of M. Kozybayev North Kazakhstan University.* 2019;(1 (42)):137-141.

3. Bolger, N., & Laurenceau, J.-P. (2013). *Intensive longitudinal methods: An introduction to diary and experience sampling research.* New York: Guilford Press.

4. Gosai S.S., Tuibeqa A.T., Prasad A, *Exploring the transition challenges of first-year College of Business students in Fiji,* *International Journal of Educational Research,* Volume 117, 2023, 102131, ISSN 0883-0355,

5. Dmitrieva O. V. *Educational space and socialization of the individual: Monograph.* – Orenburg: RIC GOU OSU, 2003. – 139 p.

6. Ilyin E. P. *Motivation and motives.* – St. Petersburg: Publishing house "Piter"; Publishing house of St. Petersburg State University, 2004. – 658 p.

7. Lohbeck A., Möller J. *Learning and Individual Differences.* July 2023, Page 102301, <https://doi.org/10.1016/j.lindif.2023.102301>

8. McEvoy P.M, Black A, Piesse E, Strachan L, Clarke PJF. *The effect of positive and negative evaluation on state anxiety and repetitive negative thinking in social evaluative situations: An experimental study.* *J Anxiety Disord.* 2023 Aug;98:102734. doi: 10.1016/j.janxdis.2023.102734. Epub 2023 Jun 10. PMID: 37329593.

9. Povarenkov Yu.P. *Psychology of professional development of personality.* – Kursk, 1991. – 212 p.

10. Tokashova G.ZH. *Studentterdin psihologiyalyk bejimdeler erekshelekteri [Peculiarities of psychological adaptation of students].* Abaj atyndagy KazUPU-nin Habarshysy, «Psihologiya» seriyasy [Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai, "Psychology" series], No1(78), 2024 zh. 249-257 b.

11. Fishstrom S, Wang HH, Bhat BH, Daniel J, Dille J, Capin P, Vaughn S. *A meta-analysis of the effects of academic interventions on academic achievement and academic anxiety outcomes in elementary school children.* *J Sch Psychol.* 2022 Jun;92:265-284. doi: 10.1016/j.jsp.2022.03.011. Epub 2022 Apr 29. PMID: 35618374; PMCID: PMC9136152.